



Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

# Алакөл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№8 (8094) 24. 02. 2024.  
Сенбі / Суббота

## Аудан әкімі ауыл тұрғындарына есеп берді

### Қызылашы ауылдық округі

Аудан әкімі А.Абдинов Қызылашы ауылдық округінің тұрғындарымен кездесіп, есеп берді. Алдымен өткен жылды қорытындылап, өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық даму бағытында атқарылған ауқымды жұмыстарға тоқталып өтті.

Қызылашы ауылдық округінің тұрғындары ауылға қатысты өздерін толғандырып жүрген бірнеше өзекті мәселелерді көтерді. Нақтылап өтсек, Разақберлин көшесінің қалған бөлігіне асфальт төсеу және қоғамдық жұмысқа орналасу мәселелері көтеріліп, аудан басшысы әр тұрғынның өтінішін жіті назарға ала отырып, заңға сәйкес ресми жауап ұсынды.

Сондай-ақ А.Абдинов ауыл тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады. Қабылдауға 7 тұрғын жазылып, тұрғын үй алу және қоғамдық жұмысқа орналасу мәселелерімен жүгінді. Аудан басшысы әр өтінішке жауап берсе, бірқатарын шешу үшін округ әкіміне тапсырмалар жүктеді.

### Теректі ауылдық округтер

А.Абдинов жұмыс кестесіне сәйкес Теректі ауылдық округінің тұрғындарымен кездесіп қайтты.

Жиын барысында ауданымыздың әлеуметтік - экономикалық дамуы мен атқарылған ауқымды жұмыстарға тоқталып, өткен жылды қорытындылады.

Ауыл тұрғындары тара-



пынан пошта, қызметі ауылға өндіріс орындарын салу, есептегіш орнату, жедел жәрдем көлігінің қажеттілігі, медициналық пунктке күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу туралы мәселелер көтерілді. Аудан әкімі әр мәселеге жауап беріп, бірқатарын бөлім басшылары мен округ әкіміне жүктеді.

Аудан әкімі ауыл тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдап, қабылдауға 3 ауыл тұрғыны жүгінді. Тұрғындар тарапынан жер және баспана алу туралы өтініштерін жеткізді.

### Қабанбай ауылдық округі

Аудан әкімі Қабанбай ауылдық округінің тұрғындарымен кездесіп, есеп берді. Жиын барысында аудан басшысы өңіріміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы сөз қозғап, атқарылған ауқымды жұмыстарды қорытындылады. Ауыл тұрғындары аудан басшысының жеке қабылдауына жазылып, 3 азамат жеке өтініштерімен жүгінді. Атап айтсақ, түнгі жарықтан дырылған жаяу жүргіншілер өткелін жарықтандыру және Ақжар ауылында жедел жәр-

дем көлігінің қажеттілігі туралы өтініштерін айтты. Аудан басшысы тарапынан жаяу жүргіншілер жолы қалыпқа келтірілетінін жеткізіп, жауапты бөлім басшылары мен округ әкімдеріне жүктеді.

Айта кету керек, үш ауылдық округте де Алакөл ауданының прокуроры, аға әділет кеңесшісі Ерлан Қасымбаев ауыл тұрғындарына телефон алаяқтарынан сақтану жолы, ауыл шаруашылығы жануарларын ұстау тәртібі және отбасындағы бала тәрбиесі жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Сонымен қатар Алакөл ауданы әкімі аппаратының жалпы бөлімшесінің басшысы А.Абсаликова ауыл тұрғындарына «Ресми тәртіпте Е-ӨТІНІШ жасау – проблемалық мәселені мемлекеттік органдармен бірге шешудің тиімді тәсілі» деген тақырыбында түсіндіріп өтті.

А.МҰРАТ,

Алакөл ауданы әкімінің баспасөз хатшысы.

скота, а также по поводу убойной площадки, которая находится в районном центре и доставка скота вызывает соответствующие трудности.

Аким района А.Абдинов поставил задачу развернуть ответы по каждому из заданных вопросов. Выслушав пожелания и предложения жителей, дал соответствующие поручения ответственным лицам.

В рамках благоустройства округа планируется в 2025 году установить небольшую аллею, на текущий год - перед зданием сельского акимата посадить яблоневый сад, провести освещение на улицы Бекбаева в текущем году. Провести средний ремонт улиц Бекбаева, Абая было запланировано на 2023 - 2025 годы, подготовить место для скотомогильника, открытие новых рабочих мест, а также временных планируется на 2023 - 2025 годы.

В завершение регулярной встречи аким района А. Абдинов провел личный прием граждан.



### Енбекшинский сельский округ

В соответствии с Указом Главы государства «О проведении акимами встреч с населением» продолжают регулярные встречи акима района А. Абдинова и акимов сельских округов с жителями населенных пунктов.

Отчет акима района «Об итогах социально-экономического положения Алакольского района за прошлый год и перспективах развития» состоялся в Енбекшинском сельском округе. А. Абдинов аргументированно рассказал жителям о проделанной работе, о проблемах и задачах на текущий и о путях их решения. В целях развития конкурентоспособного агропромышленного производства проведена эффективная работа в сфере сельского хозяйства. Объем валовой сельскохозяйственной продукции составил 67 млрд. 325 млн тенге.

Посевные площади сельскохозяйственных культур освоены на 85112 га. Сахарная свекла посеяна в 10 населенных пунктах на 500 га. Планируется, что в этом году посевные площади сельскохозяйственных культур будут освоены на 85130 га.

В том числе зерновые культуры достигли 44458 га, масличные культуры - 22673 га. В ходе озимых полевых работ было

вспахано 13500 га дерновой земли и готово к весенне-полевым работам. Из них 500 га сахарной свеклы. Посеянная озимая пшеница составляет 7600 га.

Животноводство района также стабильно развивается. В среднем по поголовью скота поголовье КРС -74 846 голов, овец и коз - 221 293 голов, лошадей - 34 586 голов, 101 тыс. птиц (91,6%).

За 12 месяцев 2023 года произведено 19 782,4 тонн мяса, 45 345,7 тонн молока, 11 674,6 единиц яиц.

В рамках отчетной встречи жителями округа был задан ряд вопросов, в том числе о сдаче учащимися ЕНТ в городе Талдыкорган, что вызывает соответствующие трудности как для учащихся, так и для их родителей. Возник вопрос, нельзя ли школьникам сдавать тесты, как и ранее в нашем районе. Также был затронут вопрос о

заброшенном пустующем здании детского сада, о его сносе. Актуален вопрос об отсутствии судмедэксперта, так как жителям района в случае смерти родных приходится ездить в близлежащий город. Жители также выразили свое мнение о необходимости капитального ремонта сельского дома культуры.

На текущий год запланировано строительство воркаута и детской игровой площадки, в рамках инвестиционного проекта закуп сельскохозяйственной техники, а также увеличение голов племенного скота, средний ремонт автомобильных дорог с. Енбекши, строительство трубчатого моста, рассмотрение средств для подготовки ПСД на строительство спортивного комплекса села Енбекши.

В рамках нового формата отчетных встреч, после собрания аким района А. Абдинов провел прием граждан. Жители округа задавали актуальные вопросы о необходимости обеспечения жителей сел питьевой водой, жилья, работы. Было достаточно вопросов и предложений, на которые отвечали и аким района, и руководители районных служб, присутствовавшие на общественном приеме.

Ш. ИМАНСОВА.

## В новом формате



### Архарлинский сельский округ

В новом формате проходят традиционные встречи акима района и акимов округов с населением. А именно в рамках таких встреч ведется диалог между руководством района и жителями сельских округов. Ведь именно людям, живущим на селе известно положение дел.

Одна из таких состоялась в Архарлинском сельском округе. На ней присутствовали жители села, руководители мест-

ных организаций, представители отделов и служб.

Аким района А. Абдинов выступил с докладом о социально-экономическом положении района за истекший год.

На сегодняшний день основная проблема на берегу озера Алаколь - нехватка электроэнергии. С этой целью в перспективе для устойчивого и качественного обеспечения электроэнергией объектов туризма по району планируется строительство электрической сети Акши - Бесколь, в данный момент разрабатыва-

ется проектно - сметная документация.

Также разрабатывается проектно-сметная документация на строительство воздушной линии Актогай-Коктума. Проект представляет собой подстанцию мощностью 220 КВт и 410 км воздушной электрической системы мощностью 220 КВт. Что касается энергетики, инфраструктуры и коммунального хозяйства, то в прошлом году в целях обеспечения населения района качественной питьевой водой было проведено строительство водопроводных сетей 4 населенных пунктов (Токжайлау, Бибакан, Ушбулак, Екпинди), также была введена в эксплуатацию система питьевой воды села Ушбулак. Работы по реконструкции и строительству электрической сети села Архарлы начались в прошлом году и были завершены на 95 процентов. В текущем году для завершения данных работ было предусмотрено 18,8 млн тенге.

На встрече актив села озвучил земельные вопросы, необходимости амбулатории на селе. В частности в ходе собрания были заданы вопросы по необходимости лотка для прохождения воды. Жители села высказали свое мнение по случаям краж

# Ұрпаққа – ұлттық тәрбие

Жуырда Ы.Алтынсарин атындағы қазақ гимназиясында «Ақ отауға ақ бата» жобасы аясында оқушы қыздар және ата-аналармен кездесу өтті. Бұл іс-шараға аудандық аналар кеңесі, қалалық аналар кеңесі, аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі, тіл орталығы мен аудандық кітапхана өкілдері қатысып, ұлттық тәрбие, отбасындағы күрмеуі қиын мәселелер туралы сөз қозғап, өмірлік тәжірибесімен бөлісіп, ұлттық сананы жаңғырту керек екенін тілге тиек етті.

Сондай-ақ арнайы келген психолог маман қатысушылармен бірнеше жаттығу жасап, әр адамның өзіне тән ерекшелігі болатынын көрсетті.

Айта кету керек, аудандық кітапхана ұжымы да үлкен дайындықпен келген. Сөрені



Кездесу барысында оқушы қыздар мен ата-аналары да бірнеше мәселені айтып, онымен күресу тәжірибесімен бөлісті. Бірінші кезекте ұялы телефонның бала мен ата-ана арасындағы байланысқа әсері туралы сөз қозғалды. Себебі смартфон ұстаған баланың қоғаммен араласуы қиындап, айналасынан ажырап қалатыны

рас. Бұл бүгінде ғылыми дәлелденген факт. Балаларды қойғанда, ата-аналары смартфонға тәуелді болып, бала тәрбиесінен мақұрым қалып жатқанын да айта кетуіміз керек. Бұл сөзге жиындағылардың бәрі дерлік қосылып, бұнымен күресте ұлттық тәрбиеге мән беру керек екенін баса айтты.

толтырған кітаптардың бәрі дерлік отбасы мен тәрбиеге қатысты. Оның ішінде отбасы құндылығынан батаға дейін не жоқтың бәрі бар.

Сөз соңында ұйымдастырушылар бұл жоба жалғасын табады деген ниет білдірді.

А.ШӘКӘРІМ.

## АУҒАН АРДАГЕРЛЕРІ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына биыл 35 жыл болды. Осы мерейлі датаға сәйкес 15 ақпанда Үшарал қаласындағы Даңқ аллеясында интернационалист-сарбаздарға арналған ескерткішке гүл шоқтарын қою рәсімі өтті.

Шара барысында ауған соғысында опат болған жауынгерлеріміз бен ардагерлеріміздің рухына тағым етілді. Ескерткішке гүл шоқтарын қою рәсімінен кейін 40398 әскери бөлімінде Ауған соғысы ардагерлеріне арналған салтанатты жиын өтті. Бұл шараның басында аудандық мәслихаттың төрағасы Д.Каримов сөз алып, майданда жан алысып, жан беріскен жауынгерлердің есімі ел есінде қалады деді. Ақжарма тілектен соң кезек марапатқа да келді. Ардагерлерге «Алақол ауданы-

ның Құрметті азаматы» атағы, мерейлі датаға орай арнайы төс белгілер, аудан әкімінің Алғыс хаты табысталып, өмірден өткен ардагерлердің отбасына қаржылай көмек көрсетілді.

40398 әскери бөлімінің командирі, ұлан полковнигі М.Нұржігітов пен Аудандық ауған ардагерлері ұйымының төрағасы Ө.Қойшыманов та ардагерлердің ерлігі туралы сөз сөйлеп, бейбіт күннің бастан ауып кетпеуін тіледі.

А.СҮЛЕЙМЕН.

## Жаңа ғимараттағы жаңаша қызмет

Мемлекеттің жаһандық бәсекелестікке лайықты болуы мен заман көшіне ілесе алуының алғышарты – кәсіпкерлікті барынша дамыту. Бұл ретте мемлекет басшысы Қ.Тоқаев та өзінің Жолдауларында халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру үшін жеке бизнес өкілдеріне ден қойып, жұртшылықтың кәсіппен айналысуына жаңаша жол ашу қажеттігін атап өткен болатын.



Осыған орай кәсіпкерлік саласында өз бағын сынап, еңбек еткісі келетін азаматтарға қаржылай көмек көрсетіп, несие рәсімдейтін орталықтардың да жұмысы орасан. Солардың ішінде KMF компаниясының орны бір төбе.

Шекара шебінде шаңырағын тіктеген шалқар көлді Алақол ауданында аталған мекеменің тұғырын тіктегелі 18 жыл болған. Жалпы 27 жылдық тарихы бар қаржы ұйымының осы аралықта атқарған ісі мол, нәтижесі он.

Күні кеше айдынды Алақолдың орталығында Үшарал қалалық бөлімшесінде жаңа ғимараттың ашылу рәсімі өтті. Заман

безендендіріліп, келушілер үшін қолайлы жағдайлар толықтай жасалған ғимарат көздің нұрын ашады.

Салтанатты жиында алғашқы болып KMF компаниясы Үшарал бөлімшесінің басшысы Қамзат Қабдашұлы 18 жыл аралығында атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы жоспарлар жайлы сөз қозғады. Алақол аудандық мәслихатының депутаты, Казпошта мекемесі аудандық филиалының басшысы Қайрат Қатықбаев пен тұрақты клиенттер ізгі тілектерін білдірді.

Артынша ғимараттың лентасы қиылып, шашу шашылып, екі қабаттан тұратын жаңа нысанның іші араланды. Жұмыс орындары,



талабына сай жабдықталып, сәні мен сәулеті жарасқан нысанның лентасын қию шарасына тұрақты тұтынушылар көптеп келді. Жарық әлі жайлы, цифрлық үлгіде

жаңа бағыттар, жоспарлар танытырылып, қонақтарға ақ дастархан жайылды.

А.ЕСЕНБЕКОВ.



## Ауырмайтын жол ізде...

Алақол аудандық өкімдігінің мәжіліс залында «Тұмау және басқа да жіті респираторлық вирустық жұқпа, қызылша және коронавирус жұқпаларының эпидемиологиялық жағдайы» тақырыбында баспасөз-мәслихаты өтті. Алақол аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының м.а Гүлмира Ақажайқызы Абикенова жұқпалы аурулар, оны анықтау, емдеу және алдын алу секілді мәселелерді көтерді.

«Елдің эпидемиологиялық жағдайы қазір өте маңызды. Салқын мезгілде, әсіресе қаңтар-ақпан айында ЖРВЖ жиі тіркеледі. Себебі бұл кезде күн сәулесі жетіспеушілігі, адам ағзасындағы дәруменнің азаюы салдарынан иммунитеті түсіп кетеді. Қазір эпидемиологиялық маусым жалғасуда. Қарашадан мамырға дейін созылатын бұл кезеңде 10925 жіті респираторлық вирустық жұқпамен ауырған адам тіркелген. Көрсеткіш өткен маусымдарға қарағанда бірнеше есе көбейген. Сонымен қатар пневмонияға шалдыққан 121 адам тіркелген. Қазір коронавирус жағдайы да елді алаңдатып отыр. Жалпы коронавирус эпидемиологиялық тұрақты деуге болады. Ауданымызда жыл басынан коронавирус жағдайы тіркелген жоқ. Өткен жылы 23 адам коронавирусқа шалдыққан болатын. Халықтың осал топтары, тиісті контингентке ревакцинация жасалып, 15000-нан астам адам екпе алды. Жағдай тұрақты болғанмен, мониторинг жалғасуда», – дейді Г.А.Абикенова.

Сондай-ақ қазір қызылша жұқпасы да көбейіп келеді. Маманның айтуынша елімізде 2023 жылы жұқтырған адамдардың көрсеткіші едәуір өскен. Ауданымызда жыл басынан бастап 65 жағдай тіркелсе, оның ішінде 14 жасқа дейінгі 54 баладан қызылша ауруы табылған. Яғни жалпы санның 83 пайызы – 14 жасқа дейінгі балалар. Ауданның 13 елді мекенінде қызылша тіркелді. Ауырғандардың 67 пайызы қызылшаға қарсы вакцина алмаған.

Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде. Бүгінгі таңда жұқпалы ауруға қарсы ең тиімді шара – жаппай имундау. Яғни вакцина алу. Вакцина алу арқылы ғана белгілі бір жұқпалы вирустар мен инфекцияларға қарсы иммунитет қалыптастыруға болады. Конспирологиялық болжамдарға сеніп, вакцинадан бас тартып, өзіңізді және жақындарыңызды қатерге тігуге болмайды. Имундау бұл – жалпы азаматтық жауапкершілік.

А.ӘБИТҰЛЫ.

# Әдебиетке балалықты әкелген қаламгер

Кітап аяулы досы бола бастаған шақтан былай ғана әрбір жан өзін интеллигент бола бастадым деп санауына болады.  
Мұхтар Әуезов.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары қосылды. Ол шығармаларында Ұлы Отан соғысы жылдарындағы балалардың өмірі, тылдағы еңбек жағдайы әсерлі етіп суреттеген. Сонымен қатар достық, махаббат және спорт тақырыптарын ерекше жеткізе білген. Балалар мен жасөспірімдерге арнап жиырмадан аса туынды жазған. Балалардың бал мінезін ішкі дүниесімен жақсы сезіне білген жазушы әрбір шығармасында өзі туып өскен Нарынқол таулы өңір табиғатының жанды суреттерін оқырманға үлкен шеберлікпен жеткізе білген. Б.Соқпақбаевтың әңгіме, повесть, романдары және пьесаларында балғын шаққа батыл саяхат жасап, таңдандырып, тамсанып, бал дәурен әсерлерінің қаймағын бұзбай, ақиқаттан алшақтамай, балаға тән қиялдап, өмірдің өз болмысын тебірене толғайды. Оқысаң еріксіз езу тарттырып, кейде күрсінтіп терең ойға жетелейді. Лезде кейіпкерлермен етене араласып, олар өзің күнде көріп жүрген адамдардай Беркен, Қожа секілді кейіпкерлерімен жадында жатталып қалады...

Жазушының өмірі мен шығармаларын, кітаптарын халыққа танытыру мақсатында Алақол аудандық кітапханасы «Әдебиетке балалықты әкелген қаламгер» атты әдеби кеш өткізді. Шараға ауданымыздағы мектептің кітапханашылары мен С.Иманов атындағы орта мектептің оқушылары қатысты. Шара барысында оқушылар «Менің атым Қожа» киносынан көрініс көрсетіп, өлең шумақтарын оқып, кітапханамыздың библиографы А.Қабидоллақызы кітап көрмесіне жазушының кітаптарына библиографиялық шолу жасады.

Қорыта айтқанда бүкіл халық болып бір жыл бойы қызыға да жарыса оқуға тұрарлық жазушының шығармалары өте көп. Бердібек Соқпақбаевтың кез келген шығармасын оқи отырып, бүкпесіз суреттелген қоғам шындығын көруге болады. Жазушының әдебиетке деген шынайылығының көрінісі де осы болса керек.

Анар ЖАҚАНБАЙҚЫЗЫ,  
аудандық кітапхана  
кітапханашысы.



## Оң өзгерістер енгізілді

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер енгізілгенін хабарлайды

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

Мемлекетт Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді.

Сонымен, «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру [www.egov.kz](http://www.egov.kz) «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын.

Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МБ) тіркелу қажет. Бұл үшін [egov.kz](http://egov.kz) порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» атты сервисті таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, кодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады.

Сондай-ақ порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қоймай-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады. Сонымен қатар порталда

«Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді жұмыс берушілердің өздері онлайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растау арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы элек-

трондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты – МАБ-на тіркеу. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның аумақтық бақсармаларының мұрағаттары шеңберінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған.

Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметті автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру – соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;
- мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;
- қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӘМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

**ТОМАРХАНОВ,  
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің  
Жетісу облысы бойынша  
Сарқан және Алақол  
аудандарының  
аға прокуроры.**



Адам жаратылысынан білімге, ізгілікке, көрегенділікке жаны құмар болып өсіп жетіледі. Бұл жолда оның сенімді серігі, шынайы досы кітап екені анық. Кітаппен достасқан адамның бойындағы парасат пен ақыл сынды қасиеттері жақсарып, адам өз ойын нақты әрі ашық айта алатындай болады. Рухани бай болғымыз келсе, кітапты үзбей оқып, түйген ойымызды өмірде қолданып, әрбір айтып жатқан сөзімізге аса мән бере қарасақ, өмірдегі өз орнымызды табуға септігін тигізері анық.

Осы орайда қоғамның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және қазақ әдебиетін насихаттау, Қазақстанның әдеби мұрасын зерттеуге мүмкіндік туғызу, өскелең ұрпақтың зияткерлік-рухани дамуы мен ана тіліне деген құрметін көтеру мақсатында елімізде «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы 2007 жылдан бастап, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы мен Қазақстан Республикасының кітапханалық қауымдастығының ұйымдастыруымен өтіп келе жатыр.

Сонымен «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында 2024 жыл бойына ел болып «Менің атым – Қожа» шығармасымен әлемге танымал болған жазушы, ба-

лалар әдебиетінің классигі, әдебиетке балалықты әкелген, 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтетін Бердібек Соқпақбаевты оқуды бірауыздан қолдады.

«Жазады - түбін түсіріп барып бір-ақ тоқтайды. Бұл – Бердібектің шырайы, Бердібекке ғана тән нәрсе», - деп Сайын Мұратбеков айтқандай Бердібек Соқпақбаев – қазақ прозасына ерекше леп әкелген қаламгер. Жазушы қаламынан шыққан кез келген туынды оқырманды баурап алады. Атап айтсақ, жазушының мына шығармалары жас пен қарияның сүйіп оқитын туындыларына айналды: «Жекпе-жек», «Менің атым – Қожа», «Балалық шаққа саяхат», «Қайдасың, Гауһар?» повесі, «Өлгендер қайтып келмейді» романы.

Бердібек Соқпақбаев – өзі өмір сүрген кезеңнің келбетін боямасыз суреттеген қаламгер. Жазушының суреткерлік қарымы проза әлемінде танымал болды. Ашаршылық пен жетімдіктің зардабын тартқан жазушы «Балалық шаққа саяхат» повесінде балғын балалығының қиындыққа толы болғанын жеткізген. Барлық шығармаларын өмірімен байланыстыра отырып жазған және барлық кейіпкерлерді өсіре мақтамай, қалай бар солай суреттейтін болған.

Жазушы қазақ әдебиетіне

# ЭЦҚ-ны пайдалану мүмкіндігі

Әрбір қазақстандық азаматтың әл-ауқатын арттыруда қабылданған маңызды қадамдарының бірі – «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы. Технологиялық тұрғыда дамыған ел экономикасы барлық салаға өз серпінін береді. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қызмет көрсету жүйесін жетілдіруге бағытталған. Қазіргі мемлекеттік қызмет көрсету орындары онлайн жүйеде жұмысын жандандырып отыр.

Еліміз күннен күнге дамып өсіп келе жатыр. Президентіміз Қ.Тоқаев Жаңа Қазақстан жас ұрпақтың қолында демекші, жас ұрпағымыз цифрлы қолтаңбаға жақын екені айдан анық.

Әр адам үйден шықпай-ақ ұялы телефонмен [www.egov.kz](http://www.egov.kz) сайтына кіре алады. Электрондық цифрлық қолтаңбаны пайдалану қиын емес. Интернет арқылы [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталына кіріп, қажет қызметті алуға болады. Сондай-ақ, ауыл мектептерінің арнайы бір кабинеті ауыл тұрғындарына арнап egov кабинеттерін ашқан. Осындай арнайы кабинеттерге келіп, кез келген азамат және ауыл тұрғындары анықтамаға өтініш

бере алады. Бұл «Электрондық үкімет» порталы арқылы азаматтар қашықтан қызмет түрлерін пайдаланып, анықтамалармен мемлекеттік баж салықтарын, коммуналдық төлемдер, балабақшаға кезекке қою сынды мемлекеттік қызмет түрлерін алуына болады.

Осы орайда egov кабинетінің жұмысына тоқтала кетсек Ынталы ауылдық округінің ММ-де egov кабинеті ауыл тұрғындарына арналған. Үйінде техникалық құрылғылары жоқ немесе интернет желісінің әлсіздігінен қызметті пайдалана алмаған азамат, сондай-ақ техника тілін түсінбеген қарт кісілер де әкімшілік ішіндегі осы кабинеттен өзіне керек

анықтама түрлерін алуда. Әрбір ауыл тұрғындарына әкімшілік мүшелері <http://egov.kz> веб-порталының жұмысы мен қызмет алу жолдарынан ақпаратпен көмек көрсете алады. Атап айтар болсақ: «Мекен-жай анықтамасын алу», «Соттылығы бар/жоқтығы туралы анықтама алу» және «ЭЦҚ» алу бойынша қызмет түрлері кеңінен түсіндіреді.

Өзін-өзі сауаттандыру сатыларынан сүрінбей өткендер де жоқ емес. Сонымен қатар ауыл тұрғындарының көкейінде жүрген сұрақтарға жауаптар беріліп, көп сұранарға ие мемлекеттік қызмет түрлері түсіндіріледі.

Азаматтарының мұқтажы мен қажеттіліктеріне арналған осындай қызмет түрлерінің дамуына өз үлесімізді қосу әрі игілігімізге жарата білу бәріміздің парызымыз.

**Н.Б.ОҚАНОВА  
Ынталы ауылдық округі  
әкімдігінің бас маманы.**



## Впереди нас ждет много работы

На расширенном заседании Правительства Президент страны Касым – Жомарт Токаев отметил: «Самое главное, что нам удалось достичь – позитивная динамика роста экономики. Но это не повод для самоуспокоения. Впереди нас ждет много работы». Глава государства подчеркнул, что смена правительства не означает смены генерального курса построения Справедливого Казахстана. Он будет продолжен.

Предпринимателям нашего района пришлось по – душе и порадовали слова Президента о том, что необходимо серьезно подойти к решению вопроса акцентированной поддержки среднего бизнеса. Следует объединить программы «Дорожная карта бизнеса» и «Экономика простых вещей» в комплексную программу поддержки малого и среднего бизнеса. Эта отрасль экономики бурно и динамично развивается в районе, о чем убедительно говорят итоги 2023 года.

Малый и средний бизнес сегодня представлен в районе 4920 единицами, в которых за-

няты более 11000 алакольцев. В минувшем году ими произведено товаров и оказано услуг на сумму в 85 млрд.898 млн. тенге. При этом в бюджет предприниматели перечислили 2,6 млрд. тенге налогов и других обязательных платежей.

После пандемии коронавируса новый толчок в развитии получил и туристический бизнес. В 2023 году в 302 домах отдыха, пансионатах и гостиницах на озере Алаколь отдохнули более 1 млн.500 тысяч человек. Им было оказано услуг на 9 млрд.920 млн. тенге. Нынче эти цифры безусловно возрастут, так как завершён капитальный ремонт республиканских дорог Ушарал – Достык (полностью на 184 километрах) и солидного участка Талдыкорган – Усть-Каменогорск, капитально отремонтирована взлетно-посадочная полоса аэропорта «Ушарал», увеличилось количество железнодорожных пассажирских рейсов по маршрутам Алматы-Достык и Астана-Достык..

**Д. ЖУАНДЫКОВ,**  
руководитель районного  
отдела предпринимательства.

## Спасатели Беды удалось избежать

Вот уже неделю, начиная с 14 февраля, в долине Алаколя стоит аномальная погода. Ночью столбик термометра упорно держится на отметке -25 -30 мороза, в Лепсинске доходит до -35! Дважды был сильный снегопад, а на Достыке ураганный «Евгей» сменяется холодным «Сайканом». Практически ежедневно закрывается участок республиканской автотрассы Ушарал – Достык с 84 по 184 километр. Но «лихих» автомобилистов это не останавливает.

18 февраля 2024 года, в 21 час 04 минут, на диспетчерский пункт Алакольского спасательного подразделения в селе Акши, пришло сообщение «112» о том, что в снежном заторе в районе урочища «Ыргайты» осталась легковая автомашина с 4-мя пассажирами.

Водитель машины, несмотря на предупреждения об усилении ветра до 30 м/с и ухудшения погодных условий (мороз до -35 градусов), закрытое движение для всех видов автотранспорта по трассе ст.Коктума-ст.Достык, все же рискнул и поехал по грунтовке вдоль железной дороги. И,



как результат, попал в снежный затор.

Незамедлительно к месту ЧП выехала спасательная группа в составе 3 человек (руководитель

спасательного подразделения Смагулов М., спасатели Ибраимбаев К., Нурмуханбетов А.) на вездеходе высокой проходимости «ТРЭКОЛ». Провели поисково-спасательные работы и эвакуацию 4 человек. Эвакуированные были доставлены в безопасное место.

Хочется еще раз напомнить: водители, не рискуйте своей

жизнью и жизнью пассажиров в такое сложное время! Беду всегда легче предупредить.

**В. ВОРОБЬЕВ.**



## Оперативно - профилактическое мероприятие «Безопасная дорога»

За 12 месяцев прошедшего года на территории нашего района совершено 35 фактов дорожно-транспортных происшествий, в результате которых погибло 14 человек, получили телесные повреждения 58 человек.

С начало 2024 года совершено 1 дорожно-транспортное происшествие, при котором погибло 3 человека. Данное ДТП совершено на автодороге Алматы - Оскемен.

Согласно указания Департамента полиции области Жеті-

су, а также в целях повышения транспортной дисциплины водителей, снижения дорожно-транспортных происшествий и про-

филактики нарушений Правил дорожного движения, в период с 5 по 29 февраля 2024 года на территории Алакольского района проводится оперативно-профилактическое мероприятие «Безопасная дорога».

За 15 дней проведения мероприятия по линии дорожной безопасности выявлено 166 административных правонарушений, в том числе к ответственности за нарушения ПДД привлечены и пешеходы, которые переходили улицу в неустановленных

местах.

Также, выявлено 2 водителя, управляющих транспортным средством в нетрезвом состоя-

нии, в отношении которых были подготовлены административные материалы и направлены в суд для принятия решения.

Полиция вновь и вновь призывает граждан к неукоснительному соблюдению правил дорожного движения. Дорога никогда не прощает ошибок. И ваша безопасность на дороге зависит от вашей же дисциплинированности.

**Е. МАРЖИМБАЕВ,**  
первый заместитель  
начальника Алакольского  
РОП, подполковник полиции.

## Проявление насилия в семье, масштабы распространения и возможные меры профилактики

В Конституции Республики Казахстан заложены принципиальные положения по обеспечению защиты человека от насилия, унижающего его достоинство, в том числе и в семейно-бытовых отношениях.

Так, в статье 17 Конституции РК прописано «никто не должен подвергаться пыткам, насилию, другому жестокому или унижающему человеческое достоинство обращению или наказанию».

4 декабря 2009 года принят Закон Республики Казахстан «О профилактике бытового насилия». Этим законом, сотрудники полиции наделены правом вынесения защитных предписаний и через судебные органы устанавливать особые требования к поведению правонарушителя, что позволяет органам вну-

тренних дел на законодательной основе запретить правонарушителю разыскивать, преследовать, посещать потерпевшего и вступать с ним в контакты иными способами.

Так, за январь месяц т.г. в отношении 25 правонарушителей вынесены защитные предписания (2023 г.- 25) и установлено 5 особых требований к поведению (2023г.-3).

Все лица, в отношении которых были вынесены защитные предписания и установлены особые требования к поведению были поставлены на профилактические учеты ОВД, где с ними проводится индивидуальная профилактическая работа.

Также, домашний насильник может быть привлечен и по следующим статьям административного кодекса РК, это: статьи 73 (противоправные действия



в сфере семейно-бытовых отношений), 73-1 «умышленное причинение легкого вреда здоровью», 73-2 «побои». По всем этим статьям предусматривается арест или административный штраф.

Так, с начало года зарегистрировано 35 заявлений административного характера в сфере

семейно-бытовых отношений.

Данные материалы рассмотрены, правонарушители привлечены к административной ответственности.

В целях выявления и предупреждения правонарушений, совершаемых на бытовой почве, на территории района с начала года было проведено 2 опера-

тивно-профилактических мероприятий «Быт» и «Подучетник». По указанным ОПМ проводился поквартирный и подворный обход лиц, состоящих на профилактическом учете, а также проводились разъяснительные работы среди населения о профилактике правонарушений в быту с раздачей информационных буклетов и памяток.

В целом, принятые в последнее время законодательные нормы, направленные на профилактику бытового насилия, и их реализация позитивно повлияли на снижение уровня правонарушений в сфере семейно-бытовых отношений.

**М. СТАРКОВА,**  
инспектор ПЗЖН ОМПС  
ОП Алакольского района,  
капитан полиции.



қаз қалпына келетініне сенім бар. Себебі қазір тіл тазалығына бас ауыртып, жаны ашитын адамдар жоқ емес. Қазақы иісі бұрқырап тұратын, тұла бойына қасиетін сіңірген Рабиға Сыздықова, Қайнар Олжай, Назгүл Қожабек секілді тіл мамандарының кітаптары, әлеуметтік желідегі белсенділігі осы тіл мәселесінде қордаланған мәселені шешу жолындағы үлкен еңбек деуге әбден болады. Тек тыңдайтын құлақ табылса болғаны.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған алғашқы Жолдауында: «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлі күшейіп, ұлтаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді», - деп нық басып айтуы біздің көңілімізді серпілтіп тастағаны рас. Қазіргі жазылып жатқан немесе қолданыста жүрген жаңа заман оқулықтары мен оқу құралдарының мақсаты – тіл үйренушінің тілдік-қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыра отырып, көптілді, көпмәдениетті жеке тұлға қалыптастыру.

де, тілдің мәңгілік жасауына себепші де біз, ағайын! Тіл арқылы еңсеміз көтеріліп, тұғырымыз биіктей бермек.

С. Сейфуллин «Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу керек» атты еңбегінде де тіл мәселесін кеңінен қозғаған. 1923 жылғы 9 маусымдағы мақаласында: «Істі қазақша аударуды ауылдан, болыстан, ауданнан бастау керек. Волостной исполкомдарда істі қазақ тілінде жүргізу үшін уездерде соларға кісілер даярлап жіберетін курстар ашылу керек. Ауылдан, болыстан, ауданнан қаладағы мекемелерге қағаз жазғанда ылғи қазақ тілінде жазып отыру керек», - деген екен.

Еліміз тәуелсіздік алғалы бері төл тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Қазіргі таңда өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз, радио, теледидарымыз 90-жылдарға қарағанда әлдеқайда «қазақша сайрап тұр» десек болады. Бұл біздің мемлекеттік тіліміздің мәртебесінің асқақтағаны, Бұл осы уақытқа

## Мақалаға ой қосу

# МАЗМҰНДЫ СҰХБАТ – Саяси өзгерістерге жаңа белес

Жыл басында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың республикалық «Egemen Qazaqstan» газетінде жарық көрген кең көлемді сұхбат-мақаласында өткен жылдың қорытындысын шығарып, алдағы уақыттағы жоспарларымен бөлісіп қана қоймай, қоғамдағы маңызды мәселелер талқыланды. Елімізде бәсекеге қабілетті жаңа Қазақстанның экономикалық даму қарқынды дамып келе жатқандығына тоқталып өтті.

Өткен жыл мемлекеттік саясатты, Парламенттің жұмысын оңтайландыру және саяси реформаларға арналғаны белгілі. Парламентпен 90-нан астам заң қабылданып, оның басым бөлігі ел экономикасын, кәсіпкерлікті дамытуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталды.

Бүгінде, мемлекетіміз байыппен және жоспарлы түрде белгіленген мақсаттарға жету жолында нық қадамдар басып келеді.

«Біз озық ойлы ұлт ретінде тек қана алға қарауымыз керек!» деген сұхбатында еліміздің ішкі және сыртқы саясатындағы басым бағыттарға айрықша мән берді. Оның ішінде, сұхбатта қанды қаңтар оқиғасының толық бейнесін ашып берді. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев: «Меніңше, қасіретті Қаңтар оқиғасына жылдар бойы қордаланған әлеуметтік-экономикалық проблемалар, жалпы тоқыраудың билік пен қоғамды аздырып-тоздыруы себеп болды», - деп атап көрсеткен. Қасіретті жылдар бойы қордаланған әлеуметтік-экономикалық проблемалық мәселелер, жалпы билік пен қоғамды аздырып-тоздыруы себеп болған. Сырттан келген лаңкестермен байланысы бар қылмыстық топтар іске кірісіп, олар арнаулы технологияны, арандатушылар мен қарақшыларды пайдаланып, бейбіт шерулерді жаппай тәртіпсіздікке ұластырды. Қоғамда ұрып-соғу, қирату, өртеу, өзгенің мүлкін қасақана жою іс-әрекеттері белең алды.

Бұл ретте қасіретті «Қаңтар» оқиғасының қазақстандықтар үшін ауыр соққы болғанымен, қазақ халқының рухын жоя алмағанын айта кеткен жөн. Небір топтардың азғыруы мен іріткісі болғанымен, адамгершілік пен патриоттық сезімдерін сақтап қалған Отандастарымыз тура жолдан тайған жоқ. Сол тас түйін ымырашылдықтың арқасында енді міне есімізді жиып, еңсеміз қайта тіктелді.

2024 жыл қазақстандықтар үшін жемісті жыл болмақ. Мемлекет басшысының айтуынша, елімізде бірқатар ауқымды форумдар мен саммит өтпек. Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске, Түркі мемлекеттері ұйымына, Аралды құтқару халықаралық қорына, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымына төрағалық етеді. Сонымен қатар, Дүниежүзілік көшпенділер ойынын өткізу де жоспарланып отыр. Бұл дамыған мемлекетіміз үшін аса зор мәртебе деп білеміз.

Бір сөзбен айтқанда, алғашқы сұхбат елімізде қалыптасқан түйткілді сұрақтарға нүкте қойып және алдағы даму жоспарларымызға да қатысты бағыт-бағдарды айқындауымен маңызды болып отыр. Бұл сұхбат – Қазақстанның ішкі саясатына аса жаңа саяси да тарихи қадам болды.

**Б.АЙТАХМЕТОВ,**

**Алақол ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы.**

# Тіл мәртебесі – елдің мерейі

Қазақ тілінің мәртебесі күннен күнге бекип, мемлекеттік тіл ретінде де, қоғамдық тіл ретінде де күшейіп келеді. Әмсе солай болғай. Бұл сөзімізге дәлел ретінде мемлекет басшының сөзін қоса кету керек те шығар. Қасым-Жомарт Тоқаев балабақшада, мектепте мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруді жіті назарда ұстау керек екенін баса айтты.

«Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. В.Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Меніңше, тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады. Отбасында ана тілінде сөйлеп өскен бүлдіршіннің тілге деген ықыласы терең, құрметі биік болады», - деді президент.

«Біз мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру бағытындағы жұмыстарды үздіксіз жалғастыра береміз», - деген мемлекет басшысының сөзі жерде қалмай, әр жерде тілдің мәртебесі өз биігіне шығады деген үмітіміз бар. Неше жыл өзгеді болған елдің тілі жоғалып кетпей, бүгінге жеткеннің өзі айтарлықтай жеңіс. Әлбетте, тілдің шұбарлануға ұрынуы, бұрмалануы бар екені рас. Дегенмен уақыт өте бәрі

Сондықтан танымдық-лингвомәдениеттанулық оқыту технологиясының құрамына деңгей бойынша айқын, нақты оқыту аясы, сол аяның мазмұнын ашатын тақырып пен тақырыпшалар, жағдаяттар мен тапсырмалар, жаттығулар, кейс-жағдаяттар топтасады. Қазіргі зерттеу парадигмаларының өзгерісі бойынша айтсақ, қатысымдық парадигма тілді сөйлеу әрекеті үстіндегі баланың өз қабілетін көрсету ерекшелігі бойынша танып-білу қажет дейді, басқаша айтқанда, тіл сөйлеу үстінде ашыла түседі дейді. Ал танымдық парадигмада тіл қабылдаумен, түсінумен, таныммен байланысты өзін көрсетуге мүмкіндік алады деп түсіндіреді.

Үш тілде білім беру жобасы негізінен, қазақ тілінің аясында жүзеге асатыны белгілі. Үш тіл білу «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деп қазақ мақалы айтқандай, қоғамның интеллектуальдық мүмкіндігінің көтерілуіне, маманның бәсекеге қабілетті, икемделгіш болуына ықпал етеді. Білім беру үрдісінде үш тілді меңгерудің қажеттігі мен үштұғырлы тіл саясатының күн тәртібіне шығу себебі әлемдік ақпараттық кеңістіктің дамуы үшін, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін, білім алу кеңестігінің біркелкі болуын қамтамасыз ету үшін қажет болуымен түсіндіріледі.

Тілге жан бітіретін де, тілге қуат беретін

дейін барлық мүмкін болар оңды-солды жағдайды жете бағамдай отырып жүргізілген мемлекеттік тіл саясатының нәтижесі.

«Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады», - деп Ф.Мүсірепов айтқандай, елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау бәршаның міндеті. Қазіргі жаһандану кезеңінде еліміздің ақпараттық кеңістігін әлемдік стандарттарға сай кеңейте отырып, мемлекеттік тілді ұлттық қауіпсіздіктің маңызды бір нысаны ретінде жетілдіруді және қорғауды қамтамасыз еткеніміз абзал.

Қазақстандағы тіл саясатының көпұлтты мемлекетіміздің тұрақты дамуына ізгілікті қызмет етіп отырғандығы қуантады. Сонымен бірге әр ұлт өкілдерінің қазақ тілін білуге талпынғаны да көңілге мерей.

Ұлттың тілі ұмытылмасын десек, оның қолданыс аясын кеңейтіп, ғасырдан ғасырға мұра қылып қалдырып, оның бойындағы бар байлығын, қасиетін сіңіріп, жаттанды сөзге емес, қадірі кетпейтін өнеге айналдырғанымыз жөн.

**Салтанат ҚҰНАНБАЕВА,**  
**А.Байтұрсынұлы атындағы орта мектебінің директоры.**

лар өткізу, мұражайлық басылымдар шығару, т.б. жатады.

Мысалы, қазақстандық мұражайларда кейінгі жылдары 20 мыңнан астам көрме мәнері өткізілді. Мұражайлардың қор жинақтау жұмысында далалық экспед, ғылыми институттармен бірлескен жұмыстардың нәтижелері кеңінен қолданылады. Қазақстанда мұражай

тарихи 1830 жылдан басталады. Орынборда жергілікті халықтың тарихы мен этнографиясын сипаттайтын мұралар негізінде 1831 жылы Неплюев әскери училищесі жанынан губерниялық мұражай ашылды. Бұл мұралар қазіргі таңда ҚР Орталық Мемлекеттік мұражайының негізгі қорын құрауда. Қазақстанда

1913 ж. – 3, 1927 ж. – 6, 1937 ж. – 19, 1939 ж. – 25, 1970 ж. – 29 мұражай болса, қазіргі таңда мұражай саны 154-ке жетті. 2002 жылдың мамыр айынан бастап «Қазақстан музейлері» журналы шыға бастады. 1977 жылы Халықаралық музейлер Кеңесінің 11-конференциясында 18 мамыр «Халықаралық мұражай күні» болып белгіленді. Қазіргі таңда мұражай қызметі қоғамдық институт ретінде әлеуметтік қоғамдық-экономикалық жағдайға сай жүргізілуде.

Біздің ауданда да Қабанбай батыр атындағы тарихи-өлкетану музейі де тұрақты жұмыс жасап тұр. Өлкеміздің тарихын тану, өнегелі өткенің үлгі етуде орасан қызмет атқарылуда.

**Гүлнұр ЕСІМЖАНОВА,**  
**Қабанбай батыр атындағы тарихи-өлкетану музейінің экскурсия жүргізушісі.**

# Ежелгі және қазіргі музейлердің қызметі

Мұражай, музей – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, т.б. мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме. Мұражай заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижесін насихаттауда, осы негізде төлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады.

Мұражай ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді. Мұражай алғашында бағалы бұйымдар мен заттар, мәдени жәдігерлерді сақтайтын қазыналық қор ретінде қалыптасты. Олардың қалыптасуына көне замандардағы коллекциялар негіз болды. Ежелгі Рим шешені Марк Туллий Цицерон: «Коллекция – шашыранды заттарды бір топқа біріктіру» деп түсіндірді. Коллекциялау ісімен Аристотель, Рим патшасы Юлий Цезарь, т.б. айналысты. Еуропада тарихи мұражайлар XXVI-XVIII ғасырларда пайда болды. Мұражайдың қалыптасуы ұлттық сана-сезімді оятуға, мәдени-идеяларды насихаттауға көмектесті. 1820 жылы Германияда өнер мұражайлары құрылды. 1811 жылы Ресейде Феодосияда, 1825 жылы Одессада, 1828 жылы Керчьте археологиялық бағыттағы және әскери-тарихи мұражайлар есігін ашты. XIX ғасырда этнографиялық зерттеулердің дамуы нәтижесінде этнографиялық мұражайлар құрылып, олар ғылыми-зерттеу орталықтарына айналды. Олар: Будапешт (1872), Стокгольм (1874), Париж (халықтану мұражайы, 1877), Роттердам (1883) қалаларында құрылған этнографиялық



мұражайлар. Ашық аспан астындағы алғашқы этнографиялық мұражайлар Скандинавияда (Стокгольм, 1891), қасиетті Мартинде (Словакия, 1893), Софияда (1893), Брюссельде (1897), Краковта (1910), Арнемде (Нидерланд, 1912) құрылып, ірі ғылыми ізденістермен айналысты.

Мұражай негізгі бағыты тұрғысынан бірнеше топтарға бөлінеді: тарихи, көркемөнер, техникалық, кешенді, мемориалдық. Музей ісінің негізгі бағыттары – мұражай мұраларын жинау, есепке алу, сақтау, қорларды жүйелеу, қайта қалпына келтіру, консервациялау, зерттеу нәтижелерін ақпарат жүйелерінде тарату, мұражайдың кадрлық жүйесін жетілдіру. Оның жұмыстарын ұйымдастыру түрлеріне: көрмелер, экспозициялар ұйымдастыру, тақырыптық дәрістер, ғылыми-практикалық конференция-



лықаралақ беделіне көлеңке түсіріп, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты – қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою. Елімізде оны реттейтін бірқатар но-

қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолын толық білуі қажет.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз сөзінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы келісімді күрес мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі екенін атап өтті. Оның пікірінше, заңның үстемдігін орнату және осы құқықтық мемлекетті құру үшін, ең алдымен, сыбайлас



## Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болған зұлымдық саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Сыбайлас жемқорлық – бұл ғаламдық мәселе, одан әлемнің бірде-бір мемлекеті, бірде-бір саяси жүйе, бірде-бір саяси тәртіп қорғалған емес. Сондықтан, бұл індетке бірлесе қарсы тұруымыз керек. Сыбайлас жемқорлық қоғамның бақытты болашағын тежеп, елдің ха-

мативтік құқықтық актілер бар. Оны түбегейлі жою үшін, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру керек, яғни әрбір азамат саналы түрде және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруы керек. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жойып, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру маңызы зор. Халық өзінің құқықтарын, өзіне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда

жемқорлықты жою қажет.

Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ушықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалын қолдану ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек.

**А.БАТЫРҒАЛИҚЫЗЫ, Алакөл аудандық қазынашылық басқармасының бас маман – бас қазынашысы.**

## Ұлтқа қызмет ету – мінезден

Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейханұлы «Ұлтқа қызмет ету – мінезден» деп текке айтпаған. Ұлт мәртебесін үнемі биік көтеріп, ел абыройын үнемі асқақтатып, биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін қалың елге жария көрсетіп, халық үніне тікелей құлақ асатын мемлекеттік қызметшілер – қоғамның айнасы. Сондықтан да еліміздегі әрбір тұрғынның өтініш-тілегін орындауда мемлекеттік қызметшілердің алар орны мен ролі зор.

Қазіргі заманның мемлекеттік қызметшілері қоғам тарапынан қойылатын талаптарға сай болуы тиіс, себебі олардың басты міндеті – азаматтардың қоғамдық мүдделері үшін қызмет ету. Мемлекеттік аппарат ішіндегі және мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен, қоғаммен өзара әрекеттесуіндегі қарым-қатынас мәдениеті тұрғысынан мемлекеттік қызметтің негіз қалаушы принциптерін анықтау барысында көбінесе адами қасиеттерге, яғни мемлекеттік қызметшінің моральдық ұстанымдары мен құндылықтарына жоғары мән беріледі. Өйткені мемлекеттік қызметшілердің бойында дәл осы моральдық ұстанымдардың болмауы түбінде жағымсыз құбылыстарға, құқық бұзушылықтарға, жемқорлыққа алып келеді. Бұл өз кезегінде халықтың мемлекеттік билік институттарына деген сенімін азайтып, мемлекеттік қызметшінің беделіне нұқсан келтіреді.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің мемлекет тұрақтылығының кепілі екені сөзсіз. Олар ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін, халықтың барлық топтарына ұсынылатын мемлекеттік қызметтердің сапасы мен жылдамдығын қамтамасыз етеді, адалдықтың, әділдіктің және кәсіпқойлықтың үлгісі болып табылады.

Әрбір қазақстандық мемлекеттік қызметші өз қызметінде мемлекеттік қызметтегі мінез-құлптың қағидаларын реттейтін Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін басшылыққа алуға міндетті. Кодекске сәйкес, олар жоғары кәсіби, адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтауға тиіс. Әдептілік – өркениетті қоғамның адамгершілік қағидалары екенін есте ұстаған жөн.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі кеңесте сөйлеген сөзінде мемлекеттік аппараттың жұмысы сервистік және одан әрі клиентке бағдарланған болуы үшін «жаңа тәсілдерді» енгізуді және мемлекеттік қызмет жүйесін жаңғыртуды талап ететінін атап өтті.

Қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін арттыру және халықпен кері байланысты жақсарту үшін жұмыс істеу қажет. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа Әдеп кодексінің қызметтік әдеп нормаларын дұрыс түсіну мен қолдануда маңызы зор.

Егер бұрынғы редакциядағы Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілерге қойылатын моральдық-адамгершілік талаптарды да, олардың мінез-құлқының негізгі қағидаларын да біріктірсе, жаңа редакцияда этикалық талаптар мемлекеттік қызметшілердің қызметтік этикасына жатпайтын өзге де ережелерден бөлек қарастырылады.

Өзгерістердің Кодекстің құрылымына да қатысты болғанын айта кету керек, «Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидалары» атты жаңа тарау пайда болды, соған сәйкес мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі алты қағидаға негізделген. Олар – адал ниеттілік, адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық, клиентке бағдарлану. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретіндегі халықтың сұранысына бағдарлана отырып, жұртшылықпен жұмыс істеуге әзірлік танытуы және өз іс-әрекеттерінің ашықтығын қамтамасыз етуі тиіс.

Бұдан бөлек, Қазақстан Республикасының Президентінің кейбір жарлықтарына толтырулар енгізу туралы 2023 жылғы 2 қарашадағы №396 жарлығымен, Әдеп кодексінің мемлекеттік қызмет-

шілерге қойылатын талаптарға толықтырулар енгізілген болатын.

Ол жерде мемлекеттік қызметшілер қызметтік міндеттерді орындауға байланысты жағдайларды қоспағанда, ойын мекемесіне барудан тартыну қажет делінген.

Әдеп кодексі мемлекеттік қызметшілерге адамгершілік бағыт-бағдар беруге арналған. Оның мақсаты мемлекеттік қызметшінің өз жұмысының маңыздылығына сенімділігін арттыру және кодексте көрсетілген барлық қағидаларды сақтай отырып, мемлекеттік қызметтің жарқын үлгісі болғанына мақтаныш сезімін қалыптастыру болып табылады. Бұл, басқа сөзбен айтқанда, мемлекеттік аппараттағы кәсіби қызметпен айналысуға құқық беретін анттың бір түрі. Осылай ант беру арқылы мемлекеттік қызметшілер кодекс талаптарын бұзу қоғам мен мемлекет тарапынан сын тудыратынын түсінеді. Сәйкесінше, Әдеп кодексі талаптарын қатаң сақтау мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтіретін тәртіптік теріс қылықтардың азаюына ықпал етеді.

Мемлекеттік қызметтегі жағымсыз құбылыстармен тек жазалау шараларын қолдана отырып күресудің тиімділігі шамалы, өйткені ең алдымен бұл құбылыстардың түпкі себептерін жою қажет. Бұл жағдай да Әдеп кодексінің маңыздылығын көрсетіп отыр. Басқа сөзбен айтқанда, егер белгілі бір уәкілеттілікті теріс пайдаланудың, тәртіптік теріс қылықтардың, сыбайлас жемқорлықтың белгілі бір алғышарттары сақталатын болса, онда жағымсыз құбылыс бойылмайды. Сондықтан уақтылы алдын алу шаралары, оның ішінде Әдеп кодексінің нормаларын түсіндіру мемлекеттік қызметшілердің кәсіби дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, кәсіби әдеп пен іскерлік әдеп саласында қажетті білім деңгейін, оларды кәсіби қызметте пайдалану дағдыларын қамтамасыз етеді.

**Ж.ӘСЕМБАЙ, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы.**

## Жұмыс жүйелі, нәтиже оң...

Жетісу облысында жыл басынан бері АХАТ мәліметтерін өзектендіруге 2400-ге жуық азамат өтінім берді.

Азаматтар көбінесе туу, неке қию және бұзу, бала асырап алу, әке болуды анықтау, аты-жөнін өзгерту (өзі үшін), қайтыс болу туралы деректерді түзету үшін өзектендіруге өтініш береді. Қаңтар айында азаматтардың басым бөлігі отбасы құрамын растау, балалар туралы мәліметтерді қосу үшін жүгінген.

Мемлекеттік қызметке деген қызығушылық, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы іске қосылуына байланысты туындады. Ата-аналар, қамқоршылар мен қорғаншылар электрондық үкімет порталында балалары туралы мәліметтерді тексеруі қажет болды. Мәліметтер болмаған жағдайда-туу туралы мәліметтерді өзектендіруге

өтініш беру қажет еді.

Айта кетер болсақ, АХАТ мәліметтерін түзетуге өтінімді ХҚКО арқылы да, электронды түрде де беруге болады. Өтінім 3 жұмыс күні ішінде қаралады.

Сондай-ақ маңызды хабарламалар мен әлеуметтік қызметтерді уақтылы алу үшін, мемлекетті отбасының құрамы туралы хабардар ету керек. Толық және дұрыс мәліметтер базасының арқасында мемлекет барлық ел бойынша және әр аймақ бойынша нақты демографиялық көрініске ие.

**А.ОҚАСОВА, “Азаматтарға арналған үкімет” Мемлекеттік корпорациясы” КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалының PR-менеджері.**

## Работа идет своим ходом

Около 2400 жителей области Жетісу подали заявки на актуализацию сведений РАГС с начала года.

Граждане подают заявления на актуализацию для исправления данных о рождении, заключении и расторжении брака, усыновлении/удочерении, установлении отцовства, перемене ФИО (для себя), смерти. Но чаще всего в январе обращались за подтверждением состава семьи, добавлением сведений о детях.

Интерес к государственной услуге возник в связи с тем, что с 1 января 2024 года по поручению Президента РК Касым-Жомарта Токаева была запущена программа «Национальный фонд – детям». Родителям, опекунам, попечителям необходимо было проверить сведения о детях на портале электронного правительства. При отсутствии сведений – необходимо было подать заявление на актуализацию сведений о рождении.

Отметим, что подать заявку на корректировку сведений ИС РАГС можно как через ЦОН, так и электронно. Заявка рассматривается в течение 3 рабочих дней.

Добавим – информировать государство о составе своей семьи нужно, чтобы своевременно получать важные сообщения и социальные услуги. Благодаря полному и корректным базам данных у государства имеется реальная демографическая картина в целом по стране и отдельно по каждому региону.

**А.ОКАСОВА, PR-менеджер НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» по области Жетісу.**



# Мошенничество как одно из преступлений, направленных против собственности

Предметом преступления может быть любое имущество или право на это имущество.

В условиях дальнейшего развития рыночных отношений, движения Казахстана по пути экономического роста, модернизации политической системы и демократизации общества всё более остро встает проблема защиты собственности как основы благосостояния личности, общества и государства от преступных посягательств.

Охрана прав собственника является неременной составляющей деятельности любого государства, которое обязано гарантировать стабильность отношений собственности, обеспечивая условия их защиты.

Граждане Республики Казахстан должны быть уверены, что закон на их стороне.

Вместе с тем, одним из преступлений, направленных против собственности является мошенничество, которое в уголовном законе определяется как хищение чужого имущества или приобретение права на чужое имущество путем обмана или злоупотребления доверием.

За которое предусмотрен штраф в размере до одной тысячи месячных расчетных показателей либо исправительные работы в том же размере, либо ограничение свободы на срок до двух лет, либо лишение свободы на тот же срок, с конфискацией имущества.

Мошенничество, совершенное группой лиц по предварительному сговору; неоднократно; лицом с использованием своего служебного положения; путем обмана или злоупотребления доверием пользователя информационной системы; сфере государственных закупок, наказывается штрафом в размере до четырех тысяч месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо

ограничением свободы на срок до четырех лет, либо лишением свободы на тот же срок, с конфискацией имущества, с лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью на срок до трех лет или без такового.

Мошенничество, совершенное в крупном размере; лицом, уполномоченным на выполнение государственных функций, либо приравненным к нему лицом, либо должностным лицом, либо лицом, занимающим ответственную государственную должность, если оно сопряжено с использованием им своего служебного положения; в отношении двух или более лиц, наказывается лишением свободы на срок от трех до семи лет с конфискацией имущества, а в случаях, предусмотренных вторым пунктом, с пожизненным лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью.

Деяния, предусмотренные частями первой, второй или третьей настоящей статьи, если они совершены: преступной группой; в особо крупном размере, наказываются лишением свободы на срок от пяти до десяти лет с конфискацией имущества с пожизненным лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью или без такового.

В результате мошенничества, с одной стороны собственник или иной владелец имущества или права на имущество утрачивают это имущество или право на него, с другой стороны, лицо, незаконно овладевая этим имуществом или правом на него путем обмана или злоупотребления доверием незаконно, обогащается за счет этого.

Объектом преступления являются общественные отношения, характеризующие преступления против собственности, вне зависимости от ее форм.

Предметом преступления может быть любое имущество или право на это имущество.

Потерпевшими по названным делам могут быть как физические, так и юридические лица.

С объективной стороны закон определяет мошенничество как хищение чужого имущества или приобретения права на чужое имущество путем обмана или злоупотребления доверием.

По делам указанной катего-

рии, возможны четыре способа совершения мошенничества: хищение чужого имущества путем обмана, хищение чужого имущества путем злоупотребления доверием, приобретение права на чужое имущество путем обмана и приобретение права на чужое имущество путем злоупотребления доверием.

Обман как способ совершения мошенничества может выражаться не только в искажении фактов, существовавших в прошлом или существующих в настоящем, но и в утверждениях об обстоятельствах, которые по уверению мошенника, должны произойти в будущем.

При мошенничестве путем злоупотребления доверием виновный, используя доверительные отношения между ним и собственником или иным законным владельцем имущества, совершает его обман либо вводит в заблуждение.

Следует отметить, что при хищении, совершаемом путем мошенничества, ложные сведения об определенных обстоятельствах, дающих право на получение имущества, не просто сообщаются, а подтверждаются обманными действиями, направленными на то, чтобы ввести в заблуждение лицо, во владении или ведении которого находится имущество, и убедить его в необходимости передать это имущество виновному.

Такие обманные действия должны находиться в причинной связи с фактом получения виновным имущества, т.е. предшествовать передаче этого имущества и обусловить эту передачу.

Распространенным способом мошенничества следует считать различные обманы относительно предмета сделки, заключающиеся в фальсификации внешнего вида, свойств, качества, количества и других характеристик различных предметов, предлагаемых для покупки или обмена. Например, вместо денег вруча-

ется сверток «кукла», вместо золотого кольца кольцо из другого дешевого металла желтого цвета, схожего с золотым и т.д.

В последнее время становятся распространенными видами мошенничества заведомо невыполнимое обещание за деньги или иные материальные блага оказать помощь: в трудоустройстве вообще или на «выгодное место», в приобретении вне очереди или вообще не полагающе-

гося по закону конкретному лицу социального жилья по государственной программе, в приобретении земельных участков и различных видов кредитов в банке, приобретении жилья по низким рыночным ценам «только для своих», или реализация квартир «пустышек» к которым виновное лицо вообще не имеет никакого отношения, аферы с банковскими кредитами, создание лжепредприятий, различных финансовых пирамид, использование современных технологий для похищения денежных средств через поддельные банковские платежные карточки и т.д.

В том числе, чтобы не стать жертвой интернет-мошенников, не запускайте подозрительные программы на своих смартфонах или компьютерах и не посещайте ресурсы сомнительного содержания.

Отличительной особенностью объективной стороны мошенничества является то, что потерпевший, находясь в состоянии добросовестного заблуждения, добровольно передает имущество или предоставляет преступнику право на имущество. Вследствие этого переход имущества обычно выглядит внешне как приглашение сторон, сделка. Однако такая сделка юридически незаконна, т.к. совершена в ущерб воле потерпевшего.

Имущественный ущерб потерпевшему может быть причинен, как сказано в уголовном законе, «не только путем завладения его имуществом, состоящим в деньгах или материальных ценностях, но и в результате противоправного приобретения права на его имущество».

Под приобретением права на имущество следует понимать такие действия, когда потерпевший передает виновному различного рода документы, подтверждающие юридическую возможность приобретения того или иного имущества, путем их представления (предъявления). Таковыми

являются различные лотерейные билеты, квитанции, доверенности и т.п.

Мошенничество следует считать оконченным, когда имущество изъято, и виновный имеет реальную возможность пользоваться или распоряжаться им по своему усмотрению.

Мошенничество, представляющее собой приобретение права на чужое имущество, является оконченным престу-

плением в момент, когда виновный получает реальную возможность распоряжаться этим правом по своему усмотрению или пользоваться им.

С субъективной стороны мошенничество выражается в прямом умысле, виновный осознает, что он путем обмана или злоупотребления доверием незаконно завладевает чужим имуществом или приобретает право на него, предвидит возможность или неизбежность причинения реального ущерба и желает обратить чужое имущество в свою пользу или в пользу третьих лиц, получив его от самого потерпевшего или от лица, в ведении которого чужое имущество находится.

Субъектом мошенничества является физическое вменяемое лицо, достигшее 16-летнего возраста.

Для состава хищения чужого имущества путем мошенничества необходимо установить, что уже в момент его получения у виновного лица не было действительного намерения когда-либо возратить это имущество или рассчитаться за него, и не идет ли речь о гражданско-правовых отношениях между сторонами, что в свою очередь не является уголовно-наказуемым деянием.

В этой связи призываем граждан быть предусмотрительными, при заключении подобных сделок или вступлении в подобные правоотношения.

Не доверяйтесь обещаниям незнакомцев, их следует перепроверять, не отдавайте им на руки свои документы и не соглашайтесь на их предложения стать залогодателем при оформлении банковских кредитов, быть соучредителем при оформлении различных ТОО, не давайте им задаток и аванс без нотариального заверения, не перечисляйте деньги на указанные ими счета, цените свое имущество и право на него.



# ҚазҰУ – болашақ білікті мамандар ордасы

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті – еліміздегі ЖОО арасында өзіндік орыны және позициясы қалыптасқан бірден-бір университет. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өзі қатысатын барлық іс-шараларда, жарыстарда өз позициясын арттырып отырады. Білім ордасы ұлттық пәндік рейтингтерде де жоғарыда көрсетілген оқу бағдарламалары бойынша қазақстандық университеттер арасында жетекші орын алады.

Сонымен қатар өте беделді QS World University Ranking әлемдік рейтингінде жылдан-жылға қарқынды дамып келеді. 2023 жылдың қорытындысы бойынша университет аталмыш рейтингте 150 орында тұрақтаған. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ алғаш рет жоғары оқу орындарының Азия өңірінің QS рейтингіне енгізіліп, 29-орынға ие болды. Сондай-ақ ҚазҰУ «QS Asia University Rankings 2023: Орталық Азия» рейтингінде 1-ші орын алып, Орталық Азиядағы бірінші жоғары оқу орны болып танылды. Бұл көрсеткіш университетіміз үшін де, еліміз үшін де, одан бөлек ТМД мемлекеттері үшін де орасан зор жетістік болып саналады.

90 жылдық тарихы бар білім ордасынан осы уақыт ішінде елімізге, сонымен қатар атағы алты алашқа танымал тұлғалар түлеп ұшқан. Оның қатарында әуелі өзіміздің университеттегі тәлім беруші үздік ұстаздар мен профессорлардың көп болуы, еліміздің өсіп-өркендеуіне үлес қосып жүрген өз ісінің нағыз мамандары мен ел басқарып, үздік идеялар ұсына білетін әкімдер мен министрлер де бар. Сонымен қатар шетел асып елімізді, ҚазҰУ-ды өзге елге таныстырып жүрген тұлғалар да бар. Бұнда жетістікке жетудің бір себебі ретінде университетіміздің шет мемлекеттермен орнататын академиялық байланысының нәтижесінде деп те айтуға болады. Осы бағдарлама студенттерге шетелде білім алуға, шетелдік профессорлар мен мұғалімдерден сабақ алуға, шетелдік студенттермен тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді. Білім ордасы білім мен оқуды жоғары деңгейде ілгерілетуді және өз күшін бүкіл әлемдік стандартқа сай болатын нәтижелерді мақсат ете отырып жұмыс атқарады.

Университетте лайықты дәрежеде

білім алуға тырысатын әр студент үшін керемет мүмкіндіктер жасалғанын осы орайдан көруге болады. Студенттер университет қабырғасында да, жатақхана қабырғасында да үнемі ұйымдастырылып отыратын пәндік, ғылыми және шығармашылық іс-шараларға, кездесулерге, конференцияларға қатысу арқылы түрлі идеялар мен түрлі бастамаларға кемел бола алады. Университет қабырғасындағы әр факультетте, әр жатақханада көптеген қызықты клубтар мен қызығушылық үйірмелері бар. Студенттер университеттегі «Көмек» еріктілер қозғалысының ұйымдастыруымен өткізілетін қайырымдылық іс-шараларға да үнемі қатысып отырады. Бұдан бөлек танымдылық пен шығармашылықты арттыру, қолдау мақсатында арнайы Студенттер сарайы мен ҚазҰУ қалашығы қызмет етеді.

Осы оқу орнының студенті ретінде университетіміз өз студенттеріне толыққанды білім алу үшін және де өсіп кәзіргі нарықтың талаптарына сай болу үшін көптеген таңғажайып мүмкіндіктер беретінін білемін. Университет қабырғасындағы білімді болашақта ұтымды пайдаланып, өзімді еліміздің білікті мамандарының қатарынан көрінетініме сенімдімін.

**Арайлым КАЛЫМБЕТОВА,**  
**Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық**  
**Университеті Маркетинг**  
**мамандығының 2 курс магистранты,**  
**Айгерім КАЖМУРАТОВА,**  
**Экономика және Бизнес жоғары**  
**Мектебінің «Бизнес технологиялар»**  
**кафедрасының оқытушысы, э.ғ.к.,**  
**доцент м.а.**  
**Айгүл БОЛТАЕВА,**  
**«Бизнес-технологиялар»**  
**кафедрасының аға оқытушысы.**

## Жас балуандар белдесті

Ауданымызда тағы бір спорт жарысы жалауын көтеріп, тартысқа толы турнир өтті. 14 ақпанда дзюдодан «Ақжар әкімінің кубогы» өтті. Бұл жарысты Ақжар ауылдық округінің спорт ісі жөніндегі нұсқаушысы Ринат Айтимбетов өз дәрежесінде ұйымдастырды. Дзюдо турнирі жасөспірімдер арасында болды.

Жарыстың ашылу салтанатында Ақжар ауылдық округінің әкімі Е.Жапарғалиев, аудандық балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің директоры С.Копчикбаев сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Айта кету керек, бұл жарыстың бас төрешісі – ауданымызда аты аңызға айналған жаттықтырушы, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы Б.Т.Мустафин болды.

Балаларды спортқа баулу, оларды салауатты өмір салтына шақыруда спорт додадаларының атқарар рөлі зор. Әсіресе ауылдық округтердегі жарыс балаға қанат бітіріп, спортқа деген сүйіспеншілігі артатыны сөзсіз. Олимпиадалық спорт түрінің ауданымызда кең қарқын алып келе жатыр десек қателеспепіз. Олимпиада жүлдегері Айдын Смағұловтың соңынан ерген ізбасарлары болашақта

Олимп биігінен көрінеді деген үміт басым. Алакөлдің дзюдо мектебі ешқашан әлсіз болмағаны анық. Бұдан да мықты болу үшін әр ауылдық округтерде дзюдо жаттықтырушылары дайындап, осындай жарыстар ұйымдастырылғаны абзал.

«Бұл турнирдің мақсаты – бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау, тәжірибе алмасу және жеңімпаз анықтау», – дейді ұйымдастырушылар. Дзюдо додасына жалпы саны 218 бала қатысқан. 2010-2015 жылдар аралығында туған жасөспірім спортшылар 18 салмақ дәрежесі бойынша сайысқа түскен. 13 ауылдық округ және 1 қаладан келген дзюдошылар татамиде жан алысып, жан берісіп, жеңіске деген ынта көрсетті.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге медаль, мақтау қағазы мен кубок және ұйымдастырушылар дайындаған арнайы сыйлық табысталды.

Жалпы командалық есепте Ақжар ауылдық округінің спортшылары оза шауып, бірінші орынға ие болды. Ал Достық ауылдық округінің балуандары екінші орын иеленсе, Бескөл ауылдық округінің командасы үшінші орынды місе тұтты.

**А.ӘБИТҰЛЫ.**

# Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру — ветеринария саласындағы атқарылатын міндетті және жауапты жұмыстардың бір бөлігі. Бұл жұмыстар — мал төлдегеннен бастап атқарылатын науқанды шаралардың бірі. ҚР АШМ-нің 2019 жылғы 24 қаңтардағы №26 бұйрығымен бекітілген «Ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидасын бекіту туралы» ҚР АШМ-нің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №7-1/68 бұйрығына толықтырулар енізіліп, жұмыстар жүргізілуде.

Елімізде алғаш рет 2010 жылдан бастап мүйізді ірі қара малдарын бірдейлендіру жұмыстары жүргізіле бастады. 2012-2013 жылдардан бастап қалған төрт түлік малдарды бірдейлендіру жұмыстары жүргізілді. Бірдейлендіру Ережесі бойынша Қазақстан аумағындағы ауыл шаруашылығы жануарлары міндетті түрде бірдейлендірілуге жатады.

Ауыл шаруашылығы жануарларының төлі мынадай жасқа жеткен күннен бастап он төрт

жұмыс күнінен кешіктірмей бірдейлендіріледі:

- бұзаулар, қозылар, лақтар, боталалар туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін;

- Құлындар төрт айлық жасынан бастап.

Ауыл шаруашылығы жануарларын белгілеу түріне байланысты мынадай тәсілдердің бірімен жүзеге асырылады:

1) сырғалау (ірі қара мал, ұсақ мал, түйелер, маралдар, шошқалар және тоғыз айлық жасқа дейін сойылмаған, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын, өнеркәсіптік өсіруге және бордақылауға арналған торайлар үшін);

2) таңба басу (төрт айлық жасқа толғаннан бастап) немесе чип салу (туғаннан) бастап жеті күн өткеннен кейін) (жылқылар және тақ тұяқты жануарлар үшін);

3) татуировка (ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында, шаруа және фермерлік қожалықтарда күтіп-бағылатын және өнеркәсіптік өсіруге, тоғыз айлық жасқа жеткенге дейін кейіннен

сою үшін бордақылауға арналған торайлар үшін);

4) электрондық бірдейлендіру тәсілі (маралдар үшін).

Сырғалау ауыл шаруашылығы жануарының құлағының ортасына аспалы сырғалықты көктамырларға тигізбей бекіту жолымен жүзеге асырылады. Аспалы сырғаның алдыңғы бөлігі ауыл шаруашылығы жануарының құлағының ішкі жағына бекітіледі.

Ірі қара және ұсақ мал, түйелер мен шошқалардың оң құлақтарына бір аспалы сырғадан бекітіледі. Осы Қағидалардың сәйкес ірі қара 9-тармағына және ұсақ малды, түйелерді және шошқаларды бірдейлендіру үшін радиожилік белгісі бар сырғаны пайдалануға жол беріледі, ол ауыл шаруашылығы жануарының сол құлағына бекітіледі.

Таңба басу ыстық немесе суық тәсілдермен жүзеге асырылады. Жылқыны және тақ тұяқты жануарларды қоспағанда, ауыл шаруашылығы жануарларына таңба дененің сол жағына жамбас аумағына салынады. Жылқыларға және тақ тұяқты жануарларға

таңба денесінің сол жағына жауырын (клеймо) және жамбас аумағына (реттік нөмір) немесе тек жамбас аумағына (клеймо және реттік нөмір) салынады.

Бірдейлендірілген мал туралы мәліметтер «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» жөніндегі деректер базасына енгізіледі. Деректер базасында бірдейленген малдың жасы, жынысы, жүргізілген ветеринариялық іс-шаралардың, диагностикалық зерттеулердің түрі, нәтижесі, жүргізілген күні, малдың кепілдікке қойылғандығы және мал иесі туралы мәліметтер толық көлемде қамтылады. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіре отырып үш жұмыс күні ішінде жануардың иесіне ветеринариялық паспорт беріледі. Ветеринариялық паспортта жануардың жеке нөмірі, мал иесінің аты жөні, тұрғылықты жері және малға әр жылдарда жүргізілген ветеринариялық іс-шаралары жазылады. Осы жұмыстарды жергілікті атқарушы органдар

жанынан құрылған ветеринариялық ұйымдар атқарады, яғни аудандық ветеринариялық станциясының мамандары мен ауылдық округтердегі бөлімшелері. Көрсетілетін қызмет ақысыз түрде жүргізіледі. Ауыл шаруашылығы жануарларына бірдейлендіруді жүргізудегі басты мақсат — жануарларға жеке номер беру арқылы түрлі ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралардың, диагностикалық тексерулердің жүргізілгендігіне, қозғалысына, сойылғанына, сатылғанына, ауырғанына бақылау жасау және мал есебін жүргізу болып табылады. Мал басын бірдейлендіру арқылы қажетті ветпрепараттарға тапсырыстар жасалады.

**Саят ЖҰМАБЕКОВ,**  
**«Алматы облысының**  
**ветеринариялық басқарма-**  
**сы» мемлекеттік мекемесінің**  
**«Ветеринариялық пункттері**  
**бар Алакөл ауданының**  
**ветеринариялық станциясы»**  
**ШЖҚ МКК директоры.**



лет. Учет целевых требований и целевых накоплений будет осуществляться в долларах США.

При достижении 18 лет получатель

производства

Граждане Республики Казахстан, иностранцы и лица без гражданства, постоянно проживающие на террито-

нии соответствующего соглашения с ЕНПФ будет передавать ЕНПФ сведения о заключенных ДПА, полученные от страховых организаций. Порядок и

# Изменения в законодательстве в 2024 году

АО «ЕНПФ» напоминает, что с 1 января 2024 года вступили в силу несколько ключевых нововведений в законодательстве Республики Казахстан:

1) Реализация Программы «Национальный фонд – детям»

С 01.01.2024 г. началась реализация инициативы Главой государства программы «Национальный фонд – детям» (далее – Программа), в рамках которой всем несовершеннолетним гражданам Республики Казахстан (участникам целевых требований), ежегодно будет начисляться 50% от усредненного за восемнадцать лет, предшествующих отчетному году, инвестиционного дохода Национального фонда Республики Казахстан (далее – Нацфонд), а также инвестиционный доход, ежегодно начисляемый на данную сумму.

Так, в течение января 2024 года ЕНПФ сформирует электронный список участников целевых требований на основании полученных сведений из Государственной базы данных "Физические лица" по состоянию на конец 31 декабря 2023 года.

На основании данного списка и полученной информации от НБ РК о сумме 50% от дохода Нацфонда ЕНПФ рассчитает сумму целевых требований на одного ребенка за 2023 отчетный год и внесет ее в свою информационную систему.

Начисление целевых требований участникам целевых требований будет осуществлено не позднее 01.02.2024 г., которые можно будет проверить:

законным представителям в их личном кабинете на веб-портале «электронного правительства» ([www.egov.kz](http://www.egov.kz));

на интернет-ресурсе ЕНПФ ([www.enpf.kz](http://www.enpf.kz)).

Кроме того, на интернет-ресурсе ЕНПФ [enpf.kz](http://enpf.kz) будет регулярно размещаться статистическая информация, а именно следующие отчеты:

1) отчет по количеству участников целевых требований и получателей целевых накоплений в разрезе возрастов, полов, регионов проживания;

2) отчет по использованию целевых накоплений в целях улучшения жилищных условий и (или) оплаты образования в разрезе уполномоченных операторов, регионов и субцелей.

Начисление целевых требований участникам программы будет производиться ежегодно до достижения ими 18

целевых накоплений имеет право на использование накопленной суммы только в целях улучшения жилищных условий и (или) оплаты образования.

Для получения целевых накоплений получателю целевых накоплений либо его законному представителю необходимо обратиться к одному из уполномоченных операторов (БВУ и АО «Казпочта»), заключивших соглашение о взаимодействии с ЕНПФ, открыть у уполномоченного оператора банковский счет в долларах США и подать заявление на выплату целевых накоплений (посредством интернет ресурса уполномоченного оператора) с указанием цели использования выплаты целевых накоплений (на улучшение жилищных условий или оплату образования).

Лица, утратившие гражданство Республики Казахстан, вышедшие из гражданства Республики Казахстан как до достижения 18 лет, так и после 18 лет, теряют право на использование целевых накоплений.

В случае смерти физического лица целевые накопления наследуются в порядке, установленном гражданским законодательством Республики Казахстан.

2) Введение ОПВР

С 1 января 2024 года накопительная пенсионная система дополнилась новым компонентом - обязательными пенсионными взносами работодателя (далее – ОПВР).

Размер ОПВР будет зависеть от ежемесячного дохода работника и финансироваться за счет средств работодателей. В целях поддержания сбалансированной нагрузки на работодателя ОПВР будут перечисляться с поэтапным увеличением взноса:

- с 1 января 2024 года – 1,5 процента;
- с 1 января 2025 года – 2,5 процента;
- с 1 января 2026 года – 3,5 процента;
- с 1 января 2027 года – 4,5 процента;
- с 1 января 2028 года – 5,0 процента.

Поэтапное внедрение ОПВР, а также отнесение их к вычетам из налогооблагаемого дохода предусмотрено для сглаживания нагрузки на работодателя. Кроме того, согласно законодательству, ОПВР должны уплачиваться не за всех работников, а только за тех, кто родился в 1975 году и позднее.

Введение с 2024 года ОПВР будет способствовать повышению уровня пенсионного обеспечения работника после его выхода на пенсию.

3) Специальные социальные выплаты работникам, занятым на вредных

работ на территории Республики Казахстан, при достижении 55-летнего возраста и уплате за них обязательных профессиональных пенсионных взносов (далее - ОППВ) в совокупности не менее 84 месяцев:

1.занятые на работах с вредными условиями труда, имеют право на специальную социальную выплату, состоящую из:

1) специального профессионального государственного пособия;

2) страховой выплаты по договору предпенсионного аннуитетного страхования;

3) профессиональной выплаты за счет средств работодателя;

4) пенсионной выплаты, сформированной за счет ОППВ из ЕНПФ.

Право на специальные социальные выплаты возникает при условии прекращения работником трудовой деятельности на работах с вредными условиями труда или перевода на другую работу, исключая воздействие вредных производственных факторов;

2.не занятые на работах с вредными условиями труда, имеют право на:

1) специальное профессиональное государственное пособие;

2) пенсионную выплату, сформированную за счет ОППВ из ЕНПФ.

4) Оптимизация переводов пенсионных накоплений в КСЖ

Договор пенсионного аннуитета (далее - ДПА) по желанию страхователя может быть заключен путем письменного обращения к страховщику либо обмена информацией между страхователем и страховщиком с использованием интернет-ресурса страховщика или интернет-ресурса, созданного с участием организации по формированию и ведению базы данных по страхованию (далее – организация по формированию ЕСБД), которой является АО «Государственное кредитное бюро» (далее - ГКБ).

Так, в соответствии с нововведениями вкладчики (получатели), заключившие с 01.01.2024г. ДПА со страховыми организациями, могут не обращаться в ЕНПФ с заявлением о переводе пенсионных накоплений в страховую организацию.

При этом страховые организации будут обязаны осуществлять обмен данными по заключенным ДПА с ЕНПФ посредством передачи сведений о заключенных ДПА в единую страховую базу данных (ЕСБД), владельцем которой является ГКБ.

В свою очередь, ГКБ на основа-

сроки обмена данными через ГКБ по заключенным ДПА регулируются Правилами № 44.

ЕНПФ при получении сведений от ГКБ в соответствии с Правилами № 44 в случае соответствия требования законодательства РК осуществит перевод пенсионных накоплений в страховые организации в течение 5 рабочих дней с даты получения сведений от ГКБ о заключенном ДПА.

Вместе с тем, за заявителем сохраняется право обращения в ЕНПФ в целях подачи заявления о переводе пенсионных накоплений в страховую организацию с предоставлением оригинала договора пенсионного аннуитета.

Комментарий Председателя правления АО «ЕНПФ» Ж.Б. Курманова относительно изменений размещен на You-tube канале Фонда и доступен по ссылке: <https://www.youtube.com/watch?v=jyJKiHbLvVY> (на русском языке)

Комментарий управляющего директора АО «ЕНПФ» М.Т. Шарипова размещен на You-tube канале Фонда и доступен по ссылке: <https://www.youtube.com/watch?v=YgvNjhZB38A> (на казахском языке)

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на [www.enpf.kz](http://www.enpf.kz))

Пресс - центр АО «ЕНПФ».

ЖОБА

# Алақөл ауданының әкімі ШЕШІМ

20 жылғы № Ушарал қаласы

## Алақөл ауданының аумағында сайлау учаскелерін құру туралы ШЕШІМ:

- Алақөл ауданының аумағында сайлау учаскелері қосымшаға сәйкес құрылсын.
- Алақөл ауданы әкімінің келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:
  - «Алақөл ауданы бойынша дауыс беруді өткізу және дауыс санау үшін сайлау учаскелерін құру туралы» Алақөл ауданы әкімінің 2021 жылғы 14 шілдедегі № 37 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 157038 тіркелген).
  - «Алақөл ауданы әкімінің 2021 жылғы 14 шілдедегі №37 «Алақөл ауданы бойынша дауыс беруді өткізу және дауыс санау үшін сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Алақөл ауданы әкімінің 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 69 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 176832 тіркелген).
  - Осы шешімнің орындалуын бақылау Алақөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
  - Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

шешіміне қосымша

## Алақөл ауданының аумағындағы сайлау учаскелері

### 1. № 45 сайлау учаскесі.

Орталығы: Ушарал қаласы, Жеңіс көшесі № 77, «Жетісу облысы білім басқармасының Алақөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ілияс Жансүгіров атындағы мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Ушарал қаласы, Жамбыл, Құрманғазы, Б. Майлин, Шәкәрім, Ғ. Мүсірепов, Мағжан Жұмабайұлы, Төле би № 2-ден 146-ға дейін (жұп жағы), № 1-ден 87-ге дейін (тақ жағы), Б. Момышұлы № 2-ден 82-ге дейін (жұп жағы), Б. Ыдырышұлы № 2-ден 28-ге дейін (жұп жағы), № 1-ден 59-ға дейін (тақ жағы), Т. Қарайғанов № 2-ден 44-ке дейін (жұп жағы), № 1-ден 51-ге дейін (тақ жағы), Абылайхан № 2-ден 40-қа дейін (жұп жағы), № 1-ден 39-ға дейін (тақ жағы), В.Тощенко № 2-ден 40-қа дейін (жұп жағы), № 1-ден 37-ге дейін (тақ жағы), Бексұлтан төре № 2-ден 30-ға дейін (жұп жағы), № 3-тен 37-ге дейін (тақ жағы), Абай № 9-дан 21-ге дейін (тақ жағы), Жеңіс № 2-ден 146-ға дейін (жұп жағы), №1-ден 129-ға дейін (тақ жағы), Қабанбай батыр № 2-ден 90-ға дейін (жұп жағы), № 1-ден 93-ке дейін (тақ жағы), В. Кашлаков № 2-ден 70-ке дейін (жұп жағы), № 1-ден 91-ге дейін (тақ жағы) көшелері.

### 2. № 46 сайлау учаскесі.

Орталығы: Ушарал қаласы, Жеңіс көшесі № 183, «Жетісу облысы білім басқармасының Алақөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ушарал қаласындағы педагог Мұхамбетбай Мыңбайұлы атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Ушарал қаласы, А. Жұбанов, В. Стебляков, С. Сейфуллин, Қ. Жексембаев, Б. Момышұлы № 84-тен 186-ға дейін (жұп жағы), Қабанбай батыр № 92-ден 216-ға дейін (жұп жағы), № 95-тен 195-ке дейін (тақ жағы), Жеңіс № 131-ден 213-ке дейін (тақ жағы), № 148-ден 232-ге дейін (жұп жағы), Төле би № 89-дан 189-ға дейін (тақ жағы), № 148-ден 238-ге дейін (жұп жағы), В. Кашлаков № 72-ден 242-ге дейін (жұп жағы), № 93-тен 227-ға дейін (тақ жағы), Абай № 2-ден 16-ға дейін (жұп жағы), Г. Безродных № 2-ден 12-ге дейін (жұп жағы), Д. Қонаев № 3-тен 27-ге дейін (тақ жағы), № 4-тен 36-ға дейін (жұп жағы), І. Жансүгіров № 1-ден 37-ге дейін (тақ жағы), № 2-ден 36-ға дейін (жұп жағы), Ә. Тиірменов № 2-ден 20-ға дейін (жұп жағы), № 1-ден 27-ге дейін (тақ жағы), М. Дулепов № 1-ден 23-ге дейін (тақ жағы) көшелері.

### 3. № 47 сайлау учаскесі.

Орталығы: Ушарал қаласы, Жеңіс көшесі № 125, «Жетісу облысы білім басқармасының Алақөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Абай атындағы қазақ орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік меке-

месі.

Шекаралары: Ушарал қаласы, 8-март, Амангелді, Тәуелсіздік, Ә.Өлімжанов, Б. Момышұлы № 1-ден 91-ге дейін (тақ жағы), Бөгенбай батыр №2-ден 58-ге дейін (жұп жағы), № 1-ден 53-ке дейін (тақ жағы), С. Құсайын №2-ден 58-ге дейін (жұп жағы), № 7-ден 59-ға дейін (тақ жағы), Қажымұқан № 1-ден 10-ға дейін, Ы. Әлібаев № 8-ден 74-ке дейін (жұп жағы), № 13-тен 81-ге дейін (тақ жағы), Жастар № 1-ден 21-ге дейін (тақ жағы), Ш. Қалдаяқов № 2-ден 8-ге дейін (жұп жағы), № 1-ден 3-ке дейін (тақ жағы), Абылайхан № 42-ден 94-ке дейін (жұп жағы), № 41-ден 113-ке дейін (тақ жағы), В. Тощенко № 42-ден 100-ге дейін (жұп жағы), № 39-дан 107-ге дейін (тақ жағы), Бексұлтан төре № 32-ден 94-ке дейін (жұп жағы), № 39-дан 87-ге дейін (тақ жағы), Абай № 23-тен 61-ге дейін (тақ жағы), Т. Қарайғанов № 46-дан 60-қа дейін (жұп жағы), № 51-ден 95-ке дейін (тақ жағы) көшелері.

### 4. № 48 сайлау учаскесі.

Орталығы: Ушарал қаласы, С. Құсайын көшесі № 79, «Жетісу облысы білім басқармасының Алақөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Ушарал қаласы, Ы. Алтынсарин, Қ. Сәтпаев, Ы. Әлібаев № 82-ден 128-ге дейін (жұп және тақ жағы), С. Құсайын № 60-тан 116-ға дейін (жұп жағы) № 61-ден 97-ге дейін (тақ жағы), Бөгенбай батыр № 55-тен 153-ке дейін (тақ жағы), № 60-тан 156-ға дейін (жұп жағы), Д. Қонаев № 29-дан 99-ға дейін (жұп және тақ жағы), Панфилов № 1-ден 53-ке дейін (тақ жағы), № 2-ден 66-ға дейін (жұп жағы), Г. Безродных № 21-ден 61-ге дейін (тақ жағы), Ә. Тиірменов № 22-ден 30-ға дейін (жұп жағы), М. Дулепов № 25-тен 29-ға дейін (тақ жағы), І. Жансүгіров № 38-ден 56-ға дейін (жұп жағы), № 39-дан 47-ге дейін (тақ жағы), Абай № 18-ден 50-ге дейін (жұп жағы), Б. Момышұлы № 93-тен 207-ге дейін (тақ жағы), Ш. Қалдаяқов № 5-тен 13-ке дейін (тақ жағы), № 10-нан 18-ге дейін (жұп жағы) көшелері.

### 5. № 49 сайлау учаскесі.

Орталығы: Ушарал қаласы, Жалбы би көшесі № 23 «А», «Жетісу облысы білім басқармасының Алақөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мектепке дейінгі шағын орталығы бар Сәкен Иманосов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Ушарал қаласы, Жалбы би, А. Исмаилов, Қ. Шуақов, Ю. Гагарин, Достық, М. Мәметова, Д. Нұрпейісова, А. Иванов, Ш. Уәлиханов, В. Рязанов, М. Әуезов, М. Болысбайұлы, М. Дулатов, Қазақстан, Ә. Нұрмұхамбетов, Бірлік, Самал көшелері, Ушарал қаласының солтүстік-шығыс бөлігі Ушарал-Достық автотрассасына дейін, № 3 сүт-тауар фермасы.

### 6. № 50 сайлау учаскесі.

Орталығы: Ушарал қаласы, М. Дулепов көшесі № 18, «Жетісу облыстық білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Алақөл гуманитарлық-техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Шекаралары: Ушарал қаласы, С. Мұқанов, Р. Омарұлы, Әл-Фараби, К. Қасымжанов, Желтоқсан, Р. Омаров, Ш. Айманов, Т. Рысқұлов, Сыпатай батыр, А. Байтұрсынов, Х. Бектұров, О. Жандосов, Ғ. Орманов, Болашақ, Бейбітшілік, Жетісу, Ынтымақ, М. Дулепов № 2-ден 18-ге дейін (жұп жағы), Қабанбай батыр № 225-тен 281-ге дейін (тақ жағы), № 218-ден 274-ке дейін (жұп жағы), Жеңіс № 238-ден 298-ге дейін (жұп жағы), № 213-тен 283-ке дейін (тақ жағы), Панфилов № 68-ден 114-ке дейін (жұп жағы), № 55-тен 119-ға дейін (тақ жағы), Бөгенбай батыр № 158-ден 210-ға дейін (жұп жағы) көшелері.

### 7. № 51 сайлау учаскесі.

Орталығы: Ушарал қаласы, Д. Қонаев көшесі № 76, «Алақөл ауданы әкімінің Зейнеп Қойшыбаева атындағы аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Шекаралары: Ушарал қаласы, Ушарал гарнизоны № 1 және № 2 әскери қалашықтар аумағы.

### 8. № 52 сайлау учаскесі.

Орталығы: Ынталы ауылы, Жеңіс көшесі № 7, «Алақөл ауданы әкімінің Зейнеп Қойшыбаева атындағы аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жанындағы Ынталы ауылдық мәдениет үйі.

Шекаралары: Ынталы ауылының аумағы.

### 9. № 53 сайлау учаскесі.

Орталығы: Қарабұлақ ауылы, М. Мәметова көшесі № 17 «А», «Жетісу облысы білім басқармасының Алақөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қарабұлақ орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Қарабұлақ ауылының аумағы.

### 10. № 54 сайлау учаскесі.

Орталығы: Жанама ауылы, Қ. Ақпаев көшесі № 7, «Жетісу облысы білім басқармасының Алақөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Жанама қазақ орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Жанама, Ескі Жанама ауылдарының аумағы.

### 11. № 55 сайлау учаскесі.

Орталығы: Еңбекші ауылы, М. Әуезов көшесі № 38, «Алақөл ауданы әкімінің Зейнеп Қойшыбаева атындағы аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жанындағы Еңбекші ауылдық мәдениет үйі.

Шекаралары: Еңбекші ауылының аумағы.

### 12. № 56 сайлау учаскесі.

Орталығы: Ж. Балапанов ауылы, С. Оразбеков көшесі № 1 «А», «Жетісу облысы білім басқармасының Алақөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қызылащы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Ж. Балапанов ауылының аумағы.

### 13. № 57 сайлау учаскесі.

Орталығы: Арқарлы ауылы, Ж. Рахимов көшесі № 9, «Алақөл ауданы әкімінің Зейнеп Қойшыбаева атындағы аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жанындағы Арқарлы ауылдық клубы.

Шекаралары: Арқарлы ауылының аумағы.

### 14. № 58 сайлау учаскесі.

Орталығы: Қазақстан ауылы, І. Жансүгіров көшесі № 12, «Жетісу облысы білім басқармасының Алақөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қабанбай батыр атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Қазақстан, Бесағаш ауылдарының аумағы.

### 15. № 59 сайлау учаскесі.

Орталығы: Бұлақты ауылы, Жамбыл көшесі № 1 «Б», «Жетісу облысы білім басқармасының Алақөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Бұлақты орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Бұлақты ауылының аумағы.

### 16. № 60 сайлау учаскесі.

Орталығы: Бескөл бекеті, Ә. Бейсеуов көшесі № 3, «Жетісу облысы білім басқармасының Алақөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Дінмұхамбет Қонаев атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Бескөл бекеті, Ә. Тәжібаев, Ә. Бейсеуов, Д. Қонаев, Т. Тоқтаров, Р. Маманова, М. Дулепов, Ә. Молдағұлова, М. Мәметова көшелері.

### 17. № 61 сайлау учаскесі.

Орталығы: Бескөл бекеті, М. Шоқай көшесі № 1, «Жетісу облысы білім басқармасының Алақөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар Мұхтар Әуезов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Бескөл бекеті, Ақан сері, Ақын Сара, Қорқыт Ата, Е. Сыпатаев, М. Шоқай, Қобыланды батыр, Н. Тілендиев, Райымбек батыр, Ә. Қастеев, Әл-Фараби, Бейбітшілік, М. Тынышбаев, Достық, Д. Нұрпейісова, Ә. Қабанбаев, Абай, Пушкин, Жібек жолы көшелері, №5, 13 разъездері, Сайқан аумағы.

### 18. № 62 сайлау учаскесі.

Орталығы: Бескөл бекеті, Б. Момышұлы көшесі № 90, «Алақөл ауданы әкімінің Зейнеп Қойшыбаева атындағы аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жанындағы Бұлақты ауылдық мәдениет үйі.

Шекаралары: Бескөл бекеті, М. Өзтүрік, Қ. Сәтпаев, Н. Әбдіров, Б. Саттарханов, Т. Жүргенов, Құрманғазы, Р. Қошқарбаев, М. Баекенов, А. Нұрмұхамбетов, Жамбыл, Амангелді, Ш. Айманов көшелері, Қаратұма ауылының аумағы.

### 19. № 63 сайлау учаскесі.

Орталығы: Қамысқала ауылы, И. Қылыбаев көшесі № 20, «Жетісу облысы білім басқармасының Алақөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Алақөл орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Қамысқала, Алақөл ауылдарының аумағы.

**20. № 64 сайлау учаскесі.**

Орталығы: Ақтүбек ауылы, Т. Ысқақов көшесі № 11, «Алакөл ауданы әкімінің Зейнеп Қойшыбаева атындағы аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жанындағы Ақтүбек ауылдық мәдениет үйі.

Шекаралары: Ақтүбек ауылының аумағы.

**21. № 65 сайлау учаскесі.**

Орталығы: Қайнар ауылы, Қабанбай батыр көшесі № 3, «Жетісу облысы білім басқармасының Алакөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қайнар орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Қайнар ауылының аумағы.

**22. № 66 сайлау учаскесі.**

Орталығы: Жайпақ ауылы, Ы. Өлібаев көшесі № 37, «Жетісу облысы білім басқармасының Алакөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «М. Төлебаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Жайпақ ауылының аумағы.

**23. № 67 сайлау учаскесі.**

Орталығы: Көктұма ауылы, Х. Бектұров көшесі № 32 «А», «Алакөл ауданы әкімінің Зейнеп Қойшыбаева атындағы аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жанындағы Көктұма ауылдық мәдениет үйі.

Шекаралары: Көктұма, Тоқты ауылдарының аумағы.

**24. № 68 сайлау учаскесі.**

Орталығы: Ақши ауылы, С. Сейфуллин көшесі № 40 «А», «Жетісу облысы білім басқармасының Алакөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сакен Сейфуллин атындағы орта мектебі мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

